



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Ағылшын тілінде ән материалын қолдану тек тыңдау және сөйлеу дағдыларын, сөздік қорын толықтыруды, сөйлеу дағдыларын жақсартуды ғана емес, сонымен бірге үйреніп жатқан тілдің елдік мәдени элементтерімен оқушыларды таныстыру үшін де пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ, ән оқушылардың дайындық деңгейіне және оқу жоспарларымен байланыста сәйкес болуы керек. Мұғалім таңдаған әнге арналған жаттығулар жүйесін құрастырады.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамыту үшін мәтінде келесі мәліметтердің болуы маңызды: зерттелетін тілдің елінің географиясы мен тарихы, саяси және қоғамдық өмірдің фактілері, күнделікті өмірдің фактілері, этномәдени ақпараттың, әртүрлі символиканың бар болуы, мінез-құлық мәдениетінің ерекшеліктері туралы ақпарат, нормалар мен қоғамдық құндылықтар.

Жоғарыда айтылғандардың бәріне негізделе отырып, әлеуметтік-мәдени құзыреттіліксіз шет тілін қазіргі заманғы стандарт талап ететін дәрежеде оқып білу мүмкін емес деп қорытынды жасауға болады. Қазіргі әлем мен қоғам шығармашыл түрде ойлайтын, талдайтын және басқаларды түсіне білетін адамдарды көбірек қажет етеді. Ал шет тілі - бұл дағдыларды дамытуға арналған ең жақсы құралдың бірі. Елдер, адамдар, әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді салыстыру басқа елдер мен өз елі туралы білім көлемін ұлғайтуға және тереңдетуге ынталандырады. Осылайша, шет тілін оқыту әдістемесінде ағылшын тілін әлеуметтік-мәдени компонентті енгізбей оқу үрдісінің маңызы толыққанды бола алмайды және жоғарыда аталған әдістер мен тәсілдерді үнемі және жүйелі түрде қолдану жетістікке жетуге мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Хомский Н. Язык и мышление. М.: – МГУ, 1972. – 176 б.
2. Новый словарь методических терминов и понятий [ Электронный ресурс] URL:[http://methodological\\_terms.academic.ru/](http://methodological_terms.academic.ru/).
3. Миньяр-Белоручев Р.К. Лингвострановедение или «иноязычная культура» / Р.К. Миньяр-Белоручев // Иностранные языки в школе. – 1993. – №6. – С. 20–23.
4. Сысоев П.В. Обучение иностранному языку на старшей ступени общего среднего (полного) образования / П.В. Сысоев // Иностранные языки в школе. – 2006. – №2. – С. 2–10.
5. Верещагин, Е.М., Костомаров, В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного: руководство, 3-е изд., перераб. и доп. – М., 1983 – 374с.
6. Починок, Т.В. Формирование социокультурной компетенции как основы межкультурного общения // Иностранные языки в школе – 2007 – №7. – С. 37–40.

УДК 378.147:811.111

### **ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАР ТҮСІНІГІ**

**Мухашова Актоты Байғалиевна**

[aktoty.m@inbox.ru](mailto:aktoty.m@inbox.ru)

«Шетел тілі: екі шетел тілі» кафедрасының 4 курс студентті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.М. Гауриева

Шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі қазіргі таңда өзекті және талқыға салынып келе жатқан мәселелердің бірі болып есептеледі. Шет тілдерін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану тек заманауи техникалық оқыту құралдары мен технологияларды практикалық тұрғыда қолдануды ғана меңземейді, сондай-ақ жалпы оқыту процессіне қатысты пайда болған жаңа оқыту әдістері мен формаларын

қолдануды білдіреді. Мұғалімнің басты міндеттерінің бірі оқушылардың шығармашылық белсенділігі арту мақсатында қызуғышылықты жандандыру болып табылады. Компьютерлік және мультимедиялық құралдарды пайдалану оқыту процессінде тұлғаның дамуына бағытталған тәсілді жүзеге асыруға көмектесуімен қатар, әрбір оқушының білім деңгейін ескере отырып индивидуализациялауға және дифференциациялауға анық әсер етеді. Көп жағдайда шетел тілін меңгеру процессінің қалай өтетіндігі мұғалімге және мұғалімнің шетел тілі сабағы барысында ақпараттық технологияларды пайдалану ынтасына байланысты болады. Егер «Мұғалімді компьютер ауыстыра ала ма?» деген сұраққа жауап берер болсақ: «жоқ, ешқашан ауыстыра алмайды, бірақ компьютерді ақпараттық технологияларды меңгерген мұғалім ауыстыра алады» деп анық жауап беруге болады.

Бұл мақалада, бір жағынан, шетел тілі сабағында ақпараттық компьютерлік технологияларды қолданудың сөзсіз артықшылықтары туралы айтылатын болса, екінші жағынан тәжірибе жүзінде аталған технология және техника түрлерін қолдану барысында туындайтын мәселелер талқыланады.

Заманауи талаптарға сай білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу үшін қазіргі заман мұғалімі заманауи техникалық құрылғыларды меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар оқыту процессі міндеттерінің өзара қатынас тәсілінің өзгеруін: дәстүрлі басқаратын және қадағалайтын міндеттердің біртіндеп бағдарланатын және жүйеленетін міндеттерге ауысу процессін ұғынуы тиіс. Осылайша, тек осы аталған талаптарды орындай отырып, ақпараттық білім беру кеңістігінде мұғалім мен оқушы бірлесе мақсатты бағытталған, ортақ іс-әрекетті толықтай жүзеге асыруға мүмкіндігі бар [1, 7-9].

Егер дәстүрлі білім беру процессінде басты міндет оқушыларға белгілі бір көлемдегі ақпаратты беру, бірқатар дағдыларды үйрету болса, ал ақпараттық білім беру кеңістігіндегі басты мақсат – оқушыларды танымдық мәселелерді тұжырымдауға және шешуге машықтандыру және сол мақсатта ақпаратты туындату, өндіру, табу, пайдалану және ақпараттық кеңістікте оңай бағдарлану болып табылады.

Ақпараттық білім беру кеңістігінің ең негізгі сипаттамалары:

1) Ашықтық, ақпараттық білім беру кеңістігінің қоршаған ортамен өзара байланысы арқылы қамтамасыз етілетін және оқушының тұлғалық дамуына жағдай жасайтын вариативтік білім беруді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

2) Оқу процессінің ішкі бірлігі - оқу мақсаттарының, мұғалім мен оқушылар қызметінің және мақсатты нәтиженің бірлігі. Оқу процессінің бірлігі педагогикалық процесске қатысушылардың саналы іс-әрекетінің, оқу материалы мазмұнының, оңтайлы әдіс-тәсілдердің, білім беру және даму процессінің мақсатына жетуге ықпал етеді.

3) Оқу процессінің көпфункционалдылығы. Қоршаған орта білім көзі ретінде және сонымен қоса оқушылардың өзіндік жұмысының әртүрлі формаларын ұйымдастыруға ықпал ететін қайнары бола алады. Ақпараттық білім беру кеңістігі инновациялық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, оқушылардың жеке және топтық жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні ақпараттық білім беру кеңістігіндегі оқыту шетел тілін үйрену және жалпы білім беру процессінің тиімділігін айтарлықтай арттыратындығы белгілі. Алайда, парадоксты мәселелердің бірі мұғалім өзінің әлсіздігін сезінген компьютерлік сауаттылық негіз болып табылатын заман және ұрпақ арасындағы үлкен көлемдегі алшақтық, айырмашылық болып табылады. Оқушылар мен студенттердің қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды оңай меңгеруі және белсенді қолдануы оларға, өкінішке орай, тіпті мектепте немесе жоғарғы оқу орындарында көптеген жылдар бойы еңбек еткен мұғалімнің қолы жете бермейтін, білім мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беретін үлкен, ауқымды ақпараттық кеңістікті ашады. Электрондық білім беру өнімдері нарығында, әртүрлі электрондық ресурстарға сүйенген «мінсіз тіл меңгеру курсы» деген атауға ие компакт дискілерінің кең ауқымды таралымы бар әрі көп екендігін айта кеткен жөн. Алайда, көптеген электронды білім беру ресурстарының көрінеу жалған ақпарат беретіндігі, көптеген ақпаратты бұрмалайтындығы және оқушылар мен студенттерді өзіндік жұмыс жасау

барысында тексерістен өтпеген деректерді ой елегінен, талдаудан өткізбей қолдануына әкеліп соқтыратындығы бұрыннан белгілі. Бұндай жағдайда талапқа сай және ақпаратты, дереккөздерді дұрыс жолмен тандай білуді меңгерген мұғалім тарапынан бақылаудың маңызы өте зор.

Жаңа ақпараттық кеңістікте жастардың заманауи технологияларды меңгеруде әлдеқайда алда болуы мұғалімге психологиялық ықпайсыздық тудыруы қалыпты жағдай болып есептеледі. Сонымен қатар, ақпараттандыру және инновациялық даму заманында дүниеге келген жасөспірімдер мен жастардың тек қана дәстүрлі білім беру әдістерінің көмегімен ғана назарын оқу процессіне аударту өте қиын екендігі айдан анық.

Білім беру мазмұнын өзгертетін болсақ заманауи техникалық құралдар оқушылардың мотивациясын арттыруға және нық, орныққан тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін зор мүмкіндіктер ұсынады. Елбасымыз атап өткендей «Оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видеоқұрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет» [2]. Компьютерлік оқыту бағдарламалары оқытудың дәстүрлі әдістерінен әлдеқайда көп артықшылықтар бар. Олар сөз және сөйлеу қызметінің көптеген түрлерін және түрлі комбинациялармен біріктіруді машықтандыру, лингвистикалық құбылыстарды ұғыну, лингвистикалық қабілеттерді қалыптастыру, коммуникативтік жағдай туындату, тіл мен сөйлеу әрекеттерін автоматтандыруға, сонымен қатар әр оқушыға дара көзқарасты және оқушылардың жеке өзіндік жұмыстарын қарқындату үшін көмектеседі. Компьютер оқушының қабылдау каналының барлық үш арнасын іске қосуға жағдай жасайды: есту, көру және кинестетикалық, яғни мұндай жағдайда материалды меңгеру мөлшері мен есте сақтау процесі нақтыланып бекітіле түседі, оқыту процесінде оқушылардың мәртебесін арттырады, олардың танымдық белсенділігін жоғарылатады және тақырыпқа қызығушылығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ оқушылардың өзіндік жұмыс аясын кеңейтеді, әрбір оқушы үшін мәнді, мағыналы жағдай жасауға, интернетті виртуалды кеңістікке ену құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді [3, 162].

Алайда, білім беру мекемелерінде заманауи техникалық оқу құралдарын пайдалану туралы айтылар болса келесідей мәселелер туындайтыны анық. Біріншіден, жеткілікті мөлшерде жеткілікті техникалық оқу құралдарымен жабдықталған мектептер мен жоғары оқу орындарының саны өте аз. Екіншіден, ағылшын тілі мұғалімдеріне компьютерлік және арнайы электрондық оқыту бағдарламаларын игеру үшін білікті көмек қажет. Мектептер мен жоғары оқу орындарын заманауи техникалық құралдармен жабдықтауға келер болсақ, бұл мәселе нақты білім беру мекемелерінің басқару деңгейінде шешілуі тиіс. Екінші мәселені шешу үшін біліктілікті арттыру оқу бөлімдерінде орта мектептер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары мультимедиялық қосымшалардың түрлі бағдарламаларын меңгеруге қатысты олардың кәсіби білім қорын байытатын курстарды ұсынуға болады [4].

Мультимедиялық бағдарламаларды бағалай отырып, орта мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орны оқытушылары электрондық оқыту құралдары ағылшын тілі мұғаліміне өте күрделі, қиын дағдылардың бірі болып табылатын шетел сөйлесімін есту және қабылдау дағдысын дамытуға үлкен көмек береді деп бағалайды. Аудиовизуалды материалдар, соның ішінде видеофильмдер және видео-сабақтар шетел тілінің ауызша, күнделікті сөйлесім түрін оңай әлі жеңіл қабылдауға және меңгеруге мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, кіріктірілген ағылшын-қазақ және қазақ-ағылшын сөздіктері (субтитрлар) лексикалық қорды кеңейту үшін жақсы негіз болып табылады.

Артықшылықтары мақалада егжей-тегжейлі талқыланған ең заманауи техникалық құралдармен мектептер мен жоғары оқу орындары жабдықталуы қажет екендігі сөзсіз. Заманауи техникалық құралдарды меңгерген ағылшын тілінің мұғалімдері, қажет болған жағдайда, өздерінің сабақтарында дәстүрлі оқыту әдістері мен электрондық, техникалық оқыту құралдарын біріктіре алады. Біз өз сабақтарымыз бен дәрістерімізді керемет презентацияларға және монитор экрандарында жарқын суреттердің шексіз көрсетіліміне

айналдыруға ұмтылмауымыз керек. Технологиялар ешқашан бастапқы өзінің пайда болу және қызмет ету міндетін тежемеуі қажет, олар мұғаліммен бақыланатын мұғалім мен оқушы арасындағы мақсатты бағытталған және мағыналы қарым-қатынас орнату үшін ғана құрылған.

Бүгінгі таңда, ағылшын тілі мұғалімдерінің міндеті бір жағынан, негізгі білім алу дағдыларын менгеруді оқушылардың бойына сіңдіру болса, екінші жағынан, жастарды саналы түрде қажетті ақпаратты алу үшін мағыналы жол сілтеу болып табылады [5, 51-52].

Осылайша, ағылшын тілі сабағында қазіргі заманғы техникалық оқыту құралдарын іс жүзінде дұрыс, орынды және ұқыпты пайдалану шексіз мүмкіндіктерге: лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастыруға, шығармашылық ойлауды дамытуға және ең алдымен үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге әкеледі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Коджаспирова, Г.М., Петров К.В. Технические средства обучения и методика их использования – М., Издательский центр «Академия», 2008 ж. – 157 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар [Электрондық ресурс]. URL:[http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar)
3. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учебное пособие для студ. вузов/ Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е. Петров; под ред. Е.С. Полат. – М.: «Академия», 2009. – 266 б.
4. Использование информационных технологий на уроке – [Электрондық ресурс]. URL: [http://festival.1september.ru/SO9eQD9XU8KM8iOrHBMt\\_7drbCveHYMM/edit?hl=ru](http://festival.1september.ru/SO9eQD9XU8KM8iOrHBMt_7drbCveHYMM/edit?hl=ru) – 16.10.2010
5. Трайнев В.А., Трайнев И.В. Информационные коммуникационные педагогические технологии – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2008ж. – 286 б.

УДК 378.147:811.111

## **ТЕХНОЛОГИИ WEB 2.0 В ОБРАЗОВАНИИ**

**Нурланов Раймбек**

*nurlanovroma@gmail.com*

Студент 4 курса специальности «Иностранный язык: два иностранных языка»

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – А.М. Абдыхалыкова

Развитие информационных технологий привело к образованию новых способов использования Интернета. Основаниями для такого процесса являются интенсивное развитие компьютерных и телекоммуникационных, мобильных технологий и создание развитой информационно-образовательной среды. Интернет-технологии на сегодняшний день наиболее доступные, высокоскоростные, ресурсосберегающие, а также позволяют обеспечить обширный доступ пользователей одновременно.

Термин Web 2.0 использовался сравнительно давно, но в современном его значении он возник на конференции посвященной Web 2.0 (<http://www.web2con.com>), которая проходила в октябре 2004 года. В материалах этой конференции *Тим О'Рейли* опубликовал первую и более популярную статью, в которой было впервые объяснено значение этого термина (Web 2.0), а также наглядно продемонстрированы основные различия между сетью первого и второго поколений. Использование термина Web 2.0 в основном связано с так называемыми социальными сервисами и сетями, которые магическим образом позволяют объединять людей в социальные группы, быстро искать единомышленников и нужную